

ӘОЖ 811.512.1

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ДӘСТҮРДІҢ КӨРІНІСТЕРІ

Адамбек Абылайхан Әміртайұлы

adam@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің халықаралық қатынастар факультеті,
түркітану мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: А.Б. Шалдарбекова

Өлең сөзбен өрілген сюжетті, көлемді эпикалық туындылар жазу – түркілік дәуірлерден жалғасқан әдеби үрдіс. ХХ ғасырда бұл дәстүр жаңғырып, жанданып, жаңа сатыға көтеріле алды. Бұрын тек шығыстық сюжеттерге құрылған дастандар болса, енді реалистік сипаттағы тың туындылар жазыла бастады. Осындай поэма жазу үрдісін қазақтың бас ақыны, ұлы Абай Құнанбайұлы поэзиясынан көре аламыз. Бұны мынадай сараптама пікір арқылы да сабақтауға болады: «Ұлы ұстаз қазақтың ұлттық әдебиетінде бұрыннан бар дастаншылдық, хиссашылдық дәстүрді өз талантымен өңдеп, жаңғыртып, оған жаңа дәуірдің шапанын жауып, туған жұртына қайта ұсынды. Романтикалық поэмалардың табиғатына реалистік қасиет дарыта жырлады. Сөйтіп, соны сипаттағы жаңа қазақ поэмасының негізін қалады» [1, 117].

ХХ ғасырдың басында жазылған поэмалардың ең бір жарқын үлгілерін Абай мектебінің «ең үздік шәкірті» Шәкәрім ақын дамыта білді. Қазақтың өткен ғасырларда басынан кешкен оқиғаларын сюжеттік арқау ете отырып, ол «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ – Айсұлу» поэмаларын өмірге алып келді. Шәкәрім поэмалары романтикалық сарынның үнін бәсеңдетіп, шынайы суретке, терең философиялық толғамдарға, әлеуметтік мәселелерді нақтырақ бейнелеуге бет бұрды. Бірақ та, қалай десек те, Шәкәрім поэмалары әдебиет айдынына үлкен жаңашылдық әкелгенімен бірге ежелден қалыптасқан келе жатқан сара жол – дастан жазу дәстүрінің негізінде жазылғандығы сөзсіз дер едік. Мұны Шәкәрім Құдайбердіұлы поэмаларындағы түркілік дастан жазу дәстүрінің белгілері айқындай алады. Енді сол белгілердің бірнешеуін атап өтсек:

1) Шәкәрімнің үш поэмасында да біріне-бірі ғашық жастардың басындағы махаббат оқиғалары баяндалады. Бұл, сөз жоқ, сонау шығыстық поэзиядан бастау алған, түркілік әдебиет дәуірінен жалғасып келе жатқан дәстүрлі тақырып. Бұл жайында белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Ә.Дербісәлин былай деп ой түйіндейді: «Шәкәрім Құдайбердиев поэмалары түгелге дерлік махаббат тақырыбына байланысты. Бұл жағынан алғанда олар шығыс классиктерінің шығармаларына көбірек ұқсайды... Бұл арадағы әңгіме Шәкәрімнің шығыс поэзиясымен етене байланыс жасап, оның көптеген туындылары мен дәстүрлерін меңгеруі және қабылдауы жөнінде болып отыр. Ең алдымен Ш. Құдайбердиев поэмаларының

шығыстың ғашықтық дастандарымен бірөңкей тақырыптық үндестігі басым екенін айтқан жөн. Әйтсе де ол сол тақырыпты қою, шығармалардың сюжетін шешу жайларында өзіндік, реалистік стилін, дүниетанымын бастан-аяқ сақтап, сабақтап отырған» [2, 93]. Махаббат тақырыбы ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының бүкіл шығармашылық мұрасында айрықша орын алатынын атап өткеніміз жөн. Шәкәрім шығармаларында жырланатын махаббат мәселесі ақынның адамгершілік көзқарасы мен адалдыққа, тазалыққа үндеу идеясын танытады.

2) Шәкәрім ақын ғашықтар арасындағы нәзік сезім мен махаббатты жырлауға келгенде, ерекше әдеби тәсілдер қолдана білген. Мәселен, «Қалқаман-Мамыр» поэмасында ақын жігіт пен қыздың сезімін жұмбақтатып жеткізеді. Өзара жұмбақпен-ақ ұғысқан екі жастың арасындағы пәк сезім мен кіршіксіз тазалық әрі қазақ болмысына тән ибалылық өте әсерлі бейнеленеді:

– Әй, Мамыр, адамды алла жаратыпты,
Хауа-Ананы Адамға қаратыпты.
Бірін еркек, біреуін әйел қылып,
Екеуінен көп жанды таратыпты.

– Әй, Қалқаман, теңі жоқ, құдай жалғыз,
Мұқтаж емес жолдасқа тіпті армансыз.
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз
Өмір қызық дегенді естен қалғыз.

Жоқ болса махаббатлы бір сүйгенің,
Ойлашы, керегі не дүниенің.
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты Алла,
Бұл туралы білгенім осы менің [3, 181].

Бұл – Қалқаманның Мамырға деген сезім білдіруі. Енді екі ғашықтың кездесуге уәделескен сөздерін де Шәкәрім ақын жұмбақ түрде бейнелейді. Бұл жұмбақты ғашықтар ғана түсінсе алған:

– «Ауылымның күнбатысы қалың қамыс,
Бүрсігүннен арғы күн болады алыс.
Жас кісіде бар болса жігер-намыс,
Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс.»

Солайша жауап берді Қалқаманға,
Бұл сөзі байқалмады басқа жанға.
Бүрсігүні қамыстан жолықпасаң,
Мен саған жоқ деді ғой байқағанға [3, 183].

Ғашықтардың сезімін, ішкі сырын бұлайша жұмбақтап, астарлап, образдап беру тәсілі – ғашықтық дастандарға тән дәстүрлі қолданыс.

3) Шәкәрім ақынның образдар сомдау ерекшелігінде де бұрынғы әдебиет үлгілерімен сабақтастық байқалады. Мәселен, «Еңлік-Кебектегі» Нысан абыздың бейнесі. Нысан абыз – «Еңлік-Кебек» поэмасындағы шешуші тұлғалардың бірі. Поэмадағы тартыстың өзі Нысан абыздың батыр жігіт Кебекке «қара жартас түбінде кез келетін биік қабақ сұрлау қызбен» кездесуін болжап беруінен бастау алады. Нысан абыз – көріпкел, сәуегей, әулие адам. Абызды ақын былайша суреттейген:

Мұңлы қоңыр дауысы шықса зарлап,
Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап.
«А?..» – дейді де тындайды анда-санда
Құлағына кеткендей жын сыбырлап.

Екі көзін қан жауып, өңі қашып,
Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.

Шүлдір-шүлдір сөйлесіп жыныменен,
Өзін-өзі тоқтатты әзер басып [3, 195].

Нысанның образы нағыз ғашықтық дастан табиғатына тән десек, поэмадағы Нысан мен Кебектің кездесуі, Кебектің абызға бал аштырып, болашағын білуі – бұл ежелгі қисса-дастандарда көнеден келе жатқан сюжеттік желіге ұқсайды.

Шәкәрім ақын ғашықтардың бейнелерін сомдауға келгенде, оларды «бұрынғы» стильмен асқан сұлу, көркіне көз жетпейтін көркем, баршадан басы артық туған, таң қалаларлық әрекеттер жасайтын, жұрттың бәрі ынтық болған керемет жандар ретінде бейнелемейді. Әсірелеп суреттеуден аулақ. Поэмаларында бұған дейін айтқанымыздай романтикалық сарыннан гөрі реалистік сипат басым. Дегенмен образдардың табиғатын ашуға келгенде, олардың характерін, болмыс-бітімін беруде, Шәкәрім теңдессіз суреткерлік шеберлік танытады. Жекелеген характерлерді жасағанда, ақын олардың күллі қасиеттерін, даралық белгілерін аз ғана сурет аясына сыйғызып кетеді. Мысалы, Кебек образын сипаттауы:

Ол Кебек мықты болған жас басынан,
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.
Жасы бала болса да, жаны отты деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан.

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау, кең иықты.

Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап [3, 194-195].

«Жасы бала болса да жаны отты» – бозбаланың сырт тұлғасы да, мінез-құлқы да, батырлығы да осы шумақтарға сыйдырылған.

4) Шәкәрімнің поэмаларында шығыстық сюжеттерде кездесетін кейбір детальдар ұшырасады. Мәселен, «Нартайлақ – Айсұлу» поэмасында қыздың сүйген жарына жүзігін жолдап, сәлем айту сәті суреттелген:

«Жеңеше-ау, айтпап па едім бұрын саған,
Барлының түк керегі жоқ деп маған.
Мейірімсіз өгей ағам ұстап берді,
Ол түгіл құдай мені аямаған.

Тез тапсыр жүзігімді Күнсұлуға,
Ұялман енді саған сыр ашуға.
Жүзікті Нартайлаққа жылдам берсін,
Сол келсін меніменен қоштасуға.

Жеңеше-ау, жасырайын сенен несін,
Сәлем де Нартайлаққа, жылдам келсін.
Беретін бар бір асыл аманатым,
Үш күннен қалса мені өлді десін [3, 220].

Жүзік – махаббаттың, сырдың, сәлемнің белгісі болып саналады. Ғашықтардың бір-біріне жүзік сыйлауы түркілік дәуірледе туған дастандардың көбінде кездеседі.

Шәкәрім поэмалары өлең түрінде эпикалық сюжетті шығармалар жазу дәстүріне біршама жаңалықтар да енгізді. Бұл ретте ақынның адам образын жасауда қолданған тәсілдері, психологиялық мінездемелер беруі, диалог, монолог арқылы кейіпкерлерді

даралауы, шығарма желісінде тұрмыстық-этнографиялық, әдет-ғұрыптық көріністерді бейнелеуі, сюжеттік желіні өмір шындығына лайықтап, тартымды түрде құруы, реализм әдісін берік ұстануы сияқты суреткерлік қырларын айтуға болады.

Пікір-ойларымызды нақтылай келе, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының төл туындылары: «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ – Айсұлу» поэмалары – түркілік әдебиет дәуірлерінен келе жатқан дастан жазудың классикалық дәстүрін жалғастырған, дамытқан шығармалар деп айтуымызға толықтай қисын бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім: Дәстүр және көркемдік (Монография). – Семей: «Үш биік», 2007. – 225 бет.
2. Дербісәлин Ә. Шәкәрімнің поэмалары // Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. (Құрастырған Т.Шаңбай) – Семей-Новосибирск: «Галер-Пресс», 2006. – 440 бет.
3. Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 бет.
4. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: «Арыс», 2000. – 321 бет.